



Жұмыс оқу
дарламасының титулдық
парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.2/06

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Тарих кафедрасы

Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы пәнінен
5В011400 Тарих мамандығының студенттеріне арналған

ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Павлодар



жалпыға міндетті мамандықтың
арты мен тиіптік бағдарлама
азірленген пәннің
бағдарламасын
тіту парағы

Нысан
ПМУ
ҰСН 7.18.2/06

БЕКІТЕМІН
ОІ жөніндегі проректор
_____ Пфейфер Н.Э.
20__ж. «__» _____

Құрастырушы: _____ доцент Н.Е. Күзембаев

Тарих кафедрасы

Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы пәні бойынша
5B011400 Тарих мамандығының студенттеріне арналған

ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Жұмыс бағдарламасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру мамандық стандарты 050203 «Тарих» мамандығының студенттеріне арналған және типтік бағдарлама негізінде әзіргенген, РОӘК жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесі 22 маусым 2006 жылғы мәжілісінің №289 хаттамасының шешімімен бекітілді және іске қосылды.

2012 ж. «__» _____ кафедра отырысында ұсынылған №__ хаттама.

Кафедра меңгерушісі _____ Мамытова С.Н. 20__ж. «__» _____
(қолы)

Факультет _____ оқу-әдістемелік _____ кеңесімен
құпталған _____ 200__ж. «__» _____ №__
хаттама

ОӘК төрағасы _____ ?????????? 200__ж. «__» _____

КЕЛІСІЛГЕН

Тарих және құқық факультет деканы _____ Акишев А.А. 200__ж.
«__» _____

МАҚҰЛДАҢДЫ:

ОУЖжӘҚБ бастығы _____ ?????????? 200__ж. «__» _____

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесімен құпталған
20__ж. «__» _____ №__ хаттама

1 Пәннің мақсаты - тиянақты түрде және санқырлы негізде қазақ халқының шығу тегі мәселесін ашу, қазақ мемлекеттігінің шығуының және оның дамуының, этникалық территориясының қалыптасуының және ұлттық мәдениетінің қайталанбас ерекшеліктерін ашып көрсету.

Пәннің міндеттері:

- студенттерді ауқымды фактологиялық материалдармен қазіргі Қазақстан медиевистикасында қабылданған хронологиялық тиянақтылық, кезеңдеу негіздерінде таныстыру;

- кейінгі орта ғасырлар кезеңіндегі (XIII ғ. басы - XVIII ғ. алғашқы ширегі) Қазақстандағы этносаяси дамудың бұрынғы түркілік кезеңмен (VI-XII ғғ.) бөлінбес байланыстылығын көрсету;

- қазақ халқының қалыптасуының жалпы заңдылықтарын және өзіндік ерекшеліктерін ашу;

- Қазақстан медиевистикасындағы моңғол басқыншылығының салдарлары мәселелері бойынша, Ақ Орда және Көк Орда туралы тарихи концепциялар, қазақ халқының этногенез мәселесі бойынша, көшпелі халықтар мемлекеттігінің сипаты туралы және т. б. жөніндегі негізгі айтыстардан хабардар ету;

- Қазақтардың ұлттық мәдениетінің қалыптасуының өзіндік ерекшеліктерін көрсету және студенттерді қазақтардың бай материалдық, рухани мәдениетімен, сондай-ақ ауыз әдебиетімен таныстыру;

Атаулы пәнді игеру нәтижесінде студенттер:

Білулері керек: пәннің түсінік аппаратын қолдану. Нақты тақырып бойынша библиографиялық тізімдер жасау дағдыларын меңгерулері керек.,

Курсты оқып-үйрену студенттерге қажетті білімді, дағдыны және білгірлікті беруі тиіс. Студенттер мынаны білулері керек:

- тарихи деректерді талдаулары тиіс;

- тарихи карталар бойынша жақсы бағдарлай алулары және оны ауызша жауап беруде пайдалана білулері керек.

Істей алулары керек:

- деректанулық және тарихнамалық талдау дағдыларын игерулері керек.

- ғылыми-анықтаушы аппаратты жасау дағдыларын білулері тиіс;

- әртүрлі жазбаша жұмыстарды: рефераттарды, баяндамаларды, аннотацияларды және тұжырымдамаларды жазу дағдыларын игерулері керек.

семинар сабақтары барысында студент ауызша айта білуге дағдылануы тиіс.

2 Пререквизиттер: Ежелгі дәуірлердегі Қазақстан тарихы. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы. Археология. Алғашқы қауымдық құрылыс тарихы.

3 Постреквизиттер: Түркі халықтарының тарихы, Жаңа замандағы Қазақстан тарихы, Ресейдің аграрлық отарлау саясаты, Қазақ халқының рухани мәдениеті, Қазақстан тарихының тарихнамасы

4. Пәннің мазмұны

4.1 Пәннің тақырыптық жоспары (3 семестр)

№	Тақырыптың атауы	Сабақ түрлері бойынша қарым-қатынастық сағаттар саны					
		Дәр	Тәж.	Зерт.	студ	жеке	СӨЖ
1	Кіріспе. Курстың негізгі міндеттері және мәселелері	2	2				8
2	Моңғол жаулаушылығы қарсаңындағы Қазақстан	2	2				8
3	Моңғолдардың Қазақстан мен Орта Азияны жаулауы	2	2				8
4	Қазақстан Алтын Орданың құрамында	2	2				8
5	Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстан Шағатай ұлысының құрамында	2	2				8
6	XIII-XV ғғ. Қазақстанның рухани мәдениеті	2	2				8
7	Ақ Орда. Батыс Қазақстан Ноғай Ордасының құрамында	2	2				8
8	1428-1468 жж. Шығыс Дешті қыпшақтағы мемлекет - Әбілқайыр хандығы	2	2				8
9	Қазақ хандығының деректері мен тарихнамасының мәселелері	2	2				8
10	Қазақ хандығының құрылуы мен нығайуы (XV ғ. екінші жартысы).	2	2				8
11	Қазақ хандығының күшеюі (XVI ғ. бірінші ширегі)	2	2				8
12	XVII-XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығы.	2	2				8
13	XVII-XVIII ғ. бірінші ширегіндегі қазақ - жоңғар қатынасы	2	2				8
14	Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы мен мәдениеті	2	2				8
15	Қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық қатынастары мен саяси құрылымы	2	2				8
Барлығы:		30	30				120

4.2 Пәннің тақырыптық мазмұны

Тақырып 1. Кіріспе. Курстың негізгі міндеттері және мәселелері

Курстың негізгі міндеттері және мәселелері, Кейінгі орта кезеңіндегі Қазақстан тарихы бойынша әдебиеттер мен деректер бойынша жалпы мағлұматтар. XVIII ғ. орыс зерттеушілерінің Қазақстанды зерттеулері. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы - XIX ғғ. Ресей шығыстануында кейінгі ортағасырлық Қазақстан кезеңі бойынша еңбектерді жариялау. Ресей шығыстанушыларының (В.В.Вельяминов-Зернов, В. Тизенгаузен, Н.Веселовский және т.б.) XV-XVI ғғ. Қазақстан тарихын зерттеуге қосқан үлестері. Ш. Уәлихановтың еңбектеріндегі қазақтардың этногенезі, жүздердің құрылуы, рулық құрылым, қазақтардың орналасуы мәселелері. XIII-XIV ғғ. Қазақстан тарихын моңғол ұлыстарының және мемлекеттерінің бір бөлігі ретінде XIX ғ. зерттеу. Н.А.Аристов еңбектерінде қазақтардың этникалық тарихының зерттелуі. В.В.Бартольдтың Жетісу тарихын, кейінгі ортағасырлық Түркістанды зерттеуге, тарихи деректерді зерттеуге және ғылыми айналымға қосуға үлесі. Қазақ тарихының этникалық мәселелері XX ғ. 20-30 жж. ғалым-қазақтар еңбектерінде. XX ғ. 40-50 жж. кейінгі орта ғасырлар тарихы мәселелері бойынша зерттеулер деңгейлерінің өсуі. XV-XVIII ғғ. Қазақ қоғамының формациялық деңгейі туралы айтыстар қорытындыларының қазақтар тарихын онан әрі зерттеуге ықпалы. С.К.Ибрагимовтың, А. А.Семеновтың кейінгі орта ғасырлардағы қазақтардың саяси тарихы мәселелерін зерттеуге үлесі. XX ғ. 60 ж. Қазақстан медиевистикасындағы деректік негіздің кеңеюі. XX ғ. 60-90 жж. жұмыстарда Қазақ хандығы тарихы, қазақ мемлекеттілігі мәселелерінің дамытылуы. К.А.Пищулинаның, Т.И.Сұлтановтың, М.Х.Әбусейітованың, О.Ф.Акимовтың, В.Я. Басиннің қосқан үлесі. Бұл кезеңнің тарихын зерттеудегі тартысты тұстар. Соңғы онжылдықтардағы Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің дамуын зерттеу. Қазіргі тарих ғылымында кейінгі орта ғасырлардағы Қазақстан тарихын зерттеу міндеттері.

Бұл кезең бойынша негізгі деректер. Оларды жіктеу, сұрыптау. Тарихи қозғалысты кезеңдеу принциптері, зерттеудің жаңа көзқарастарын іздестіру мәселелері.

Тақырып 2. Моңғол жаулаушылығы қарсаңындағы Қазақстан

Моңғолдар. Татарлар. Керейттер. Меркіттер. Орталық Азияның көшпелі тайпалары. Саяси үстемдік үшін күрестер. Тайпалық одақтар. Темучиннің жеңісі және оның Шыңғыс хан деп аталуы. Шыңғыс хан мемлекетінің әскери-потестарлық құрлымы.

Тақырып 3. Моңғолдардың Қазақстан мен Орта Азияны жаулауы

Қазақстан моңғол ұлыстарының құрамында. Моңғолдардың Қазақстан мен Орта Азия жорықтарының себептері, барысы, қорытындылары. Моңғол ұлыстарының құрылуы. Олардың территориялары. Қазақ жерлері моңғол ұлыстары құрамында. Тарихи әдебиеттерде моңғол жаулаушылығының салдарлары мәселесі.

Тақырып 4 Қазақстан Алтын Орданың құрамында.

Қазақстанның далалық бөлігі Жошы Ұлысының құрамында. Монғолдардың батысқа жетіжылдық жорығы. Алтын Орданың қалыптасуы. Алтын Орданың деректері мен тарихнамасы. Территориясы, халқы, шекарасы. Әкімшілік-саяси құрылымы. Ұлыстық-уделдік жүйенің қалыптасуы. Алты Орда тарихының негізгі кезеңдері. Алтын орда хандарына сипаттама. Алтын Орданың ыдырауының себептері мен барысы. Батыстағы ұлыстарда жаңа мемлекеттердің құрылуы. Шығыс Дешті қыпшақта жаңа мемлекеттік құрылымдардың пайда болуы.

Тақырып 5. Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Қазақстан Шағатай ұлысының құрамында

Шағатай ұлысының құрылуы. Шағатай мемлекетіндегі моңғол хандарының жүргізген саясатындағы екі ағым. Шағатай мемлекетінің саяси тарихы.

Тақырып 6. XIII-XV ғғ. Қазақстанның рухани мәдениеті

XIII-XV ғғ. Қазақстанның рухани мәдениеті. Дешті қыпшақ территориясында түркі, моңғол және ислам мәдениетінің тығыз байланысы. Фольклор - Дешті қыпшақ тұрғындарының рухани мәдениетінің негізгі бөлігі. "Ер Сайын" эпосы. Тарих-батырлық сипаттағы Ноғайлық жырлар. Едіге туралы жыр - Ноғайлық жырлардың ең маңыздысы. Дешті қыпшақтың рухани өміріндегі ауыз өдебиеті: Кетбұға ақын (XIII ғ.), Қотан ақының жоқтауы (XIV ғ.), Сыпыра жыраудың толғаулары (XIV-XV ғғ.), Асан Қайғының, Қазтуған Сүйінішұлының жыр-толғаулары. Жазба әдебиет. Ән мен жыр.

Діни сенімдер. XIV-XV ғғ. Ислам діні. Берке хан (1255-1266 жж.) тұсында Дешті қыпшақ көшпелілерінің ислам дінін қабылдаудағы дискретті сипаты. Өзбек хан (1312-1340 жж.) тұсында ислам дінін қабылдаудағы жаңа кезең. Моғолстанда ислам дінінің таралуы. Көшпелі қоғамда суфизмнің әсері және кең таралуы. Исламға дейінгі дәстүрлердің қазақ қоғамындағы маңызы және олардың тұрмыстағы рөлі. Дүниетаным мен діни синкретизмнің Қазақстан территориясындағы идеологиялық өмірдегі ерекшелігі. XIII-XV ғғ. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қалалық мәдениетіндегі архитектура мен өнер.

Тақырып 7. Ақ Орда, Батыс Қазақстан Ноғай Ордасының құрамында

Ақ Орда- жергілікті этникалық негізде құрылған алғашқы мемлекеттік құрылым. Ақ Орда мен Көк Орда туралы тарихи концепциялар.

Ақ Орда тарихының деректері және тарихнамасы. XIV-XV ғ. I ширегіндегі Ақ Орданың саяси тарихы.

"Ноғай" терминінің этимологиясы. Ноғай Ордасының құрылуы. Ноғай Ордасының территориясы және тұрғындарының этникалық құрамы. Саяси тарихы. Қазақстан тарихындағы Ноғай Ордасының алатын орны.

Тақырып 8. 1428-1468 жж. Әбілқайыр хандығы. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан Моғолстан құрамында

Әбілқайыр хандығының деректері мен тарихнамасы. XV ғ. 20 жылдарындағы Шығыс Дешті қыпшақтағы саяси бытыраңқылық. Әбілқайыр ханның билікке келуі. "Көшпелі өзбектер" мемлекетінің этникалық құрамы.

1428-1468 жж. Әбілқайыр ханның ішкі және сыртқы саясаты. 1457 ж. Сығанақ түбіндегі қалмақтармен шайқас және оның салдарлары. Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлінуі. Әбілқайыр ханның Моғолстанға жорығы. Әбілқайыр ханның қайтыс болуы. "Көшпелі өзбектер" мемлекетінің күйреуі. Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысына қайтып оралуы. Шығыс Дешті қапшақта билеуші әулеттің ауысуы.

XIY ғ. ортасында Шағатай мемлекетінің ыдарауы. Шағатай мемлекетінің шығыс бөлігінде Моғолстанның құрылуы. Территориясы, халқы. Моғолстан тұсындағы Жетісу тұрғындарының этникалық сипаттамасы. Алғашқы Моғол хандарының ішкі және сыртқы саясаты. XIY ғ. соңы мен XY ғ. басындағы Жетісуға Әмір Темірдің жорықтары. XY ғ. Қазақстан территориясына ойраттардың жорықтары.

Тақырып 9. Қазақ хандығының деректері мен тарихнамасының мәселелері

XYҒ.-XYIII ғ. алғашқы үштігіндегі Қазақ хандығы жайлы жазба деректердің тілдік және әулеттік тұрғыдан сыныптау. Негізгі жазба деректерге сипаттама. Ауыз әдебиеті деректері және олардың мәліметтері. XIX ғ. ортасынан қазіргі күнге дейінгі тарихи әдебиеттерде Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі негізгі тұжырымдар. В. П. Юдиннің, С. Ибрагимовтың, К.П. Пищулинаның, Т. Сұлтановтың, М. Абусейтованың, И.В. Ерофееваның, Б. Жәрібаевтың Қазақ хандығы тарихын зерттеудегі қосқан үлестері.

Тақырып 10. Қазақ хандығының құрылуы мен нығайуы (XY ғ. екінші жартысы)

Қазақ хандығының құрылуының этникалық, саяси, мәдени - тарихи алғы шарттары. Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысынан бөлінуі және Қазақ хандығының құрылуының басталуы. Тарихи әдебиеттерде Қазақ хандарының шығу тегі мәселесі. XY ғ. соңғы үштігіндегі Қазақ хандығының нығайуы. Сыр өңірінің Қазақ хандығы үшін экономикалық, саяси және стратегиялық маңызды. Жетісуда Қазақ хандары билігінің орнығуы.

Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы. Тарихи әдебиеттерде қазақ халқының қалыптасуының мәселесі. Қазақ этносының қалыптасу процесі жөніндегі негізгі тұжырымдар: "миграциялы этногенез"¹, "автахтонды негіз", "монғолдарға дейін пайда болған", "этногенездің соңғы кезеңі Өзбек дәуірінде болған", "қазақ халқының аяқталу кезеңі XYI-XVII ғғ. шенінде болған". Қазақстан территориясындағы этникалық процестер кезеңдері және оларға сипаттама. XIII-XIV ғасырларда Қазақстан аумағында қазақ халқын құраған түркі тілдес тайпалар мен рулардың орналасқан жерлері, олардағы этникалық өзгерістер. Қазақ хандығының құрылуы этногеетикалық процестің аяқталуының көрінісі. "Қазақ" сөзінің мәні туралы. "Қазақ" -халықтың өзіндік атауы. "Қазақ" этнонимінің этимологиясы, мәні мен мазмұнын тарихнамалық тұрғыда түсіндіру.

Тақырып 11. Қазақ хандығының күшеюі (XVI ғ. бірінші ширегі)

XVI ғ. басындағы Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы. Мұхаммед Шайбанидің Темір әулетінен билікті тартып алуы және Мауереннахрда Шайбани әулеті билігінің орнауы (1600-1698 жж.). XVI ғ. басындағы алғашқы

қазақ билеушілерінің Шайбани әулетімен қарым-қатынасы. М. Шайбанидің қазақ хандығына жасаған жорықтары (1505-1508 жж.). Қасым ханның Қазақ хандығына билікке келуі (1510(1511)-1523 (1524 жж.). Қасым хан тұсында Қазақ хандығы жерлерінің кеңеюі. Оның сол кездегі халықаралық қатынастарға тартылуы.

Қазақ хандығының "уақытша әлсіруі" кезеңі және XVI ғ. екінші жартысындағы Қазақ хандығы. Қасым ханның өлімінен кейін (1523-1524) Мамаш және Тахир хандар тұсында қазақ хандығының бытыранқылығының күшеюі.

Хақназар ханның қазақ жерлерін біріктіру саясаты. Қазақтардың өзбек-шайбанилықтар және ноғайлармен қарым-қатынасы. Қазақ-орыс қатынастарының басталуы, Шығай хан тұсындағы Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайының ерешеліктері. XVI ғ. аяғындағы Тәукел ханның Орта Азияға жорығы және оның маңызы.

Тақырып 12. XVII-XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығы

Қазақ хандығында бір мезгілде екі ханның - Есім және Тұрсынның билік етуі. Жәңгір ханның жоңғарлармен күресі. Тәуке ханның мемлекетті басқаруда жүргізген реформалары, "Жеті жарғы"- тарихи талдау. Тәуке ханнан кейін саяси бытыранқылықтың күшеюі. Үш жүзге бөліну.

Тақырып 13. XVII-XVIII ғ. бірінші ширегіндегі қазақ - жоңғар қатынасы

Жоңғар мемлекетінің құрылуы және XVII ғ. екінші жартысында Қазақстанға қарсы жоңғар экспансиясының күшеюі. XVIII басындағы қазақ - жоңғар қақтығыстарының нәтижелері. Қазақ хандығы тарихындағы "Ақтабан шұбырынды және Алқакөл сұлама" жылдары. "Қалмақ қырылған" шайқасының тарихи маңызы. Ордабасыдағы бас қосу. Бірігу идеясының таралуы. Аңырақай шайқасы және оның тарихи маңызы.

XVI-XVIII ғғ. үштігіндегі қазақ-орыс қатынастары. XVI ғ. аяғындағы орыс-қазақ елшілік байланыстарының орнауы. XVII ғ. орыс - қазақ қатынастарындағы шекаралық мәселелер. Қазақстанның Ресейге қосыла бастауы. Абылай хан саясаты.

Тақырып 14. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы мен мәдениеті

Көшпелі мал шаруашылығы - қазақ халқы тіршілігінің материалдық негізі. Жылдың барлық маусымында малды жаю. Төрт түлік мал. Өндіруші цикл. Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік- шығысындағы егін шаруашылығының дамуы.

Қазақ халқының мәдениеті. Қазақтардың заттай мәдениеті. Елді мекендер мен қыстаулар, тұрақтар. Киім. Тамақ және үй жихазы. Қол өнер. Қолданбалы өнер. Қазақ халқының рухани мәдениеті. Әдет-ғұрыптар мен дін. Күнтізбе. Аспан әлемі туралы түсінік. Ауыз әдебиеті өнері. Ақындар, сал -серілер, жыраулар. Салт-дәстүрлер. Батырлық және эпикалық жырлар. Ертегілер, жаңылтпаштар және т.б.. Тіл және жазба әдебиет. Музыка өнері.

Тақырып 15. Қазақ қоғамының әлеуметтік- экономикалық қатынастары мен саяси құрылымы

Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. Қауымның екі әлеуметтік - статустық топқа - ақ сүйек және қара сүйек болып бөлінуі. Қазақ қоғамының территориялық - қауымдық құрылымы. Жүздер. Қауымның екі типі. Рутайпалық құрылым-қазақ қоғамының жетекші әлеуметтік құрылымы.

Қазақ қоғамының саяси құрылымы. Хандық билік институты. Хан сайлаудағы генеалогиялық дәстүрлер. Хандық билікті мұралану жолдары. Хан билігінің функциясы.

4.3 Тәжірибелік сабақтардың тізімі мен мазмұны

Тақырып 1. Қазақстан мен Орта Азияны Моңғолдардың жаулауы. Қазақ жерлері Моңғол ұлыстарының құрамында

1. Жаулап алу жорықтарының басталуы. Шыңғыс ханның "Ұлы жасағы".

2. XIII ғ. басындағы Жетісу наймандардың қоластында. Оңтүстік Қазақстан Хорезм мемлекетінің құрамында.

3. Отырар катастрофасы

4. Моңғол ұлыстарының құрылуы. Қазақ жерлері моңғол ұлыстары құрамында.

5. Тарихи әдебиеттерде моңғол жаулаушылығының салдарлары мәселесі.

Тақырып 2. Моңғол империясы және Алтын Орда тарихына қатысты жазба деректер

1. Мухамед Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди» еңбегі.

2. Қадыр-Али Джалаиридың «Жылнамалар жинағы».

3. Шыңғыс ханның «Ясы» заңдары

4. Әбілғазы «Түрік шежіресі»

Тақырып 3. Алтын Орданың құрылуы мен күшеюі

1. Алтын Орданың қалыптасуы. Территориясы, халқы, шекарасы.

2. Әкімшілік-саяси құрылымы. Ұлыстық-уделдік жүйенің қалыптасуы.

3. Алтын орда хандарына сипаттама.

Тақырып 4. Алтын Орданың ыдырауы. Қазақстан территориясында Моңғолдық дәуірден кейін мемлекеттердің пайда болуы.

1. Алтын Орданың ыдырауының себептері мен барысы.

2. Шағатай мемлекетінің құрылуы

3. Ноғай Ордасының құрылуы

4. Әбілқайыр хандығының құрылуы

5. Моғолстан хандығының құрылуы

Тақырып 5. Ақ Орданың саяси тарихы

1. Ақ Орда тарихының деректері және тарихнамасы.

2. XIV-XV ғ. I ширегіндегі Ақ Орданың саяси тарихы.

3. Орда Ежен, Орыс хандардың жүргізген саясаты

4. Ақ Орда мемлекетінің құлдырау себептері

Тақырып 6. Тарихи әдебиеттердегі Ақ Орда мен Көк Орда жөніндегі дискуссиялар

1. Ақ Орда немесе Көк Орда аталу себептері

2. Территориясы мен халқы

Тақырып 7. XIII-XV ғғ. Қазақстанның материалдық және рухани мәдениеті. Дін және өнер.

1. Кетбұға ақын (XIII ғ.), Қотан ақының жоқтауы (XIV ғ.), Сыпыра жыраудың толғаулары (XIV-XV ғғ.),

2. Асан Қайғының, Қазтуған Сүйінішұлының жыр-толғаулары. Жазба әдебиет.

3. Діни сенімдер. XIV-XV ғғ. Ислам діні. Берке хан (1255-1266 жж.) тұсында Дешті қыпшақ көшпелілерінің ислам дінін қабылдаудағы дискретті сипаты.

4. Көшпелі қоғамда суфизмнің әсері және кең таралуы. Исламға дейінгі дәстүрлердің қазақ қоғамындағы маңызы және олардың тұрмыстағы рөлі.

5. XIII-XV ғғ. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қалалық мәдениетіндегі архитектура мен өнер.

Тақырып 8. Қазақ хандығының тарихына қатысты жазба деректер.

1. Ауыз әдебиеті деректері және олардың мәліметтері.

2. XIX ғ. ортасынан қазіргі күнге дейінгі тарихи әдебиеттерде Қазақ хандығының құрылуы жөніндегі негізгі тұжырымдар.

3. Мухамед Хайдар Дулатидың «Тарихи Рашиди» еңбегі.

4. Әбілғазы «Түрік шежіресі»

5. В. П. Юдиннің, С. Ибрагимовтың, К.П. Пищулинаның, Т. Сұлтановтың Қазақ хандығы тарихын зерттеудегі қосқан үлестері.

Тақырып 9. Қазақхррығының тарихын зерттеуде шығыстанушы - ғалымдардың қосқан үлесі.

1. Әбілқайыр ханның билікке келуі. "Көшпелі өзбектер" мемлекетінің этникалық құрамы.

2. 1457 ж. Сығанақ түбіндегі қалмақтармен шайқас және оның салдарлары. Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлінуі.

3. Әбілқайыр ханның Моғолстанға жорығы. Әбілқайыр ханның қайтыс болуы. "Көшпелі өзбектер" мемлекетінің күйреуі.

4. Территориясы, халқы. Моғолстан тұсындағы Жетісу тұрғындарының этникалық сипаттамасы. Алғашқы Моғол хандарының ішкі және сыртқы саясаты.

5. XIV ғ. соңы мен XV ғ. басындағы Жетісуға Әмір Темірдің жорықтары.

Тақырып 10. Қазақ хандығының құрылуы мен нығайуы (XV ғ. екінші жартысы)

1. XV ғ. соңғы үштігіндегі Қазақ хандығының нығаюы. Сыр өңірінің Қазақ хандығы үшін экономикалық, саяси және стратегиялық маңызды.

2. Қазақ халқының қалыптасуының аяқталуы. Тарихи әдебиеттерде қазақ халқының қалыптасуының мәселесі.

3. XIII-XIV ғасырларда Қазақстан аумағында қазақ халқын құраған түркі тілдес тайпалар мен рулардың орналасқан жерлері, олардағы этникалық өзгерістер.

4. "Қазақ" сөзінің мәні туралы. "Қазақ" -халықтың өзіндік атауы. "Қазақ" этнонимінің этимологиясы, мәні мен мазмұнын тарихнамалық тұрғыда түсіндіру.

Тақырып 11. Қазақ хандығының күшеюі (XVI ғ. бірінші ширегі)

1. Мұхаммед Шайбанидің Темір әулетінен билікті тартып алуы және Мауереннахрда Шайбани әулеті билігінің орнауы (1600-1698 жж.).

2. М. Шайбанидің қазақ хандығына жасаған жорықтары (1505-1508 жж.). Қасым ханның Қазақ хандығына билікке келуі (1510(1511)-1523 (1524 жж.).

3. Қасым ханның өлімінен кейін (1523-1524) Мамаш және Тахир хандар тұсында қазақ хандығының бытыранқылығының күшеюі.

4. Хақназар ханның қазақ жерлерін біріктіру саясаты. Қазақтардың өзбек-шайбанилықтар және ноғайлармен қарым-қатынасы.

5. Қазақ-орыс қатынастарының басталуы, Шығай хан тұсындағы Қазақ хандығының сыртқы саяси жағдайының ерешеліктері.

6.XVI ғ. аяғындағы Тәукел ханның Орта Азияға жорығы және оның маңызы.

Тақырып 12. XVII-XVIII ғ. басындағы Қазақ хандығы

1. Қазақ хандығында бір мезгілде екі ханның - Есім және Тұрсынның билік етуі. Жәңгір ханның жоңғарлармен күресі.

2. Тәуке ханның мемлекетті басқаруда жүргізген реформалары, "Жеті жарғы"- тарихи талдау.

3. Тәуке ханнан кейін саяси бытыранқылықтың күшеюі. Үш жүзге бөліну.

Тақырып 13. XVII-XVIII ғ. бірінші ширегіндегі қазақ - жоңғар қатынасы

1. Қазақ хандығы тарихындағы "Ақтабан шұбырынды және Алқакөл сұлама" жылдары.

2. "Қалмақ қырылған" шайқасының тарихи маңызы. Ордабасыдағы бас қосу.

3. Бірігу идеясының таралуы. Аңырақай шайқасы және оның тарихи маңызы.

4. XVI-XVIII ғғ. үштігіндегі қазақ-орыс қатынастары. XVI ғ. аяғындағы орыс-қазақ елшілік байланыстарының орнауы.

5. Қазақстанның Ресейге қосыла бастауы. Абылай хан саясаты.

Тақырып 14. Қазақтардың дәстүрлі шаруашылығы мен мәдениеті

1. Жылдың барлық маусымында малды жаю. Төрт түлік мал.

2.Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік- шығысындағы егін шаруашылығының дамуы.

3. Қазақтардың заттай мәдениеті. Елді мекендер мен қыстаулар, тұрақтар. Киім. Тамақ және үй жихазы. Қол өнер. Қолданбалы өнер.

4. Қазақ халқының рухани мәдениеті. Әдет-ғұрыптар мен дін. Күнтізбе. Аспан әлемі туралы түсінік. Ауыз әдебиеті өнері. Ақындар, сал -серілер, жыраулар.

5. Батырлық және эпикалық жырлар. Ертегілер, жаңылтпаштар және т.б.. Тіл және жазба әдебиет. Музыка өнері.

Тақырып 15. Қазақ қоғамының әлеуметтік- экономикалық қатынастары мен саяси құрылымы

1. Қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы.
2. Қауымның екі әлеуметтік - статустық топқа - ақ сүйек және қара сүйек болып бөлінуі.
3. Жүздер. Ру-тайпалық құрылым-қазақ қоғамының жетекші әлеуметтік құрылымы.
4. Қазақ қоғамының саяси құрылымы. Хандық билік институты. Хан сайлаудағы генеалогиялық дәстүрлер. Хандық билікті мұралану жолдары.

4.4 Студенттердің өздік жұмыстарының мазмұны

4.4.1 СӨЖ түрлерінің тізімі (3 семестрге)

№	СӨЖ түрі	Есеп беру формасы	Бақылау түрі	Сағат көлемі
1	Дәріс сабақтарына дайындық	Конспект	Сабаққа қатысуы	20
2	Тәжірибе сабақтарына дайындық, үй тапсырмаларын орындау	Жұмыс дәптері	Сабаққа қатысуы	50
3	Аудитория сабағының мазмұнына кірмеген материалды меңгеру	Конспект (және басқалар)	Коллоквиум (және басқалар)	35
4	Бақылау шараларына дайындық		МБ 1, МБ 2, коллоквиум (тестілеу және басқалар)	15
Барлығы:				120

4.4.2 Студенттердің өздігінен оқуына бөлінген тақырыптардың тізімі:

1 тақырып. Қазақ хандығы тарихы, қазақ мемлекеттілігі мәселелерінің дамытылуы. К.А.Пищулинаның, Т.И.Сұлтановтың, М.Х.Әбусейітованың, О.Ф.Акимовтың қосқан үлесі. Ұсынылған әдебиеттер: 8,9,13,18.

2 тақырып. Моңғолдар. Татарлар. Керейттер. Меркіттер. Темучиннің жеңісі және оның Шыңғыс хан деп аталуы. Моңғолдардың Қазақстан мен Орта Азия жорықтарының себептері, барысы, қорытындылары. Моңғол ұлыстарының құрылуы. Ұсынылған әдебиеттер: 1,10,21.

3 тақырып. Алтын Орданың ыдырауының себептері мен барысы. Шағатай мемлекетінің саяси тарихы. Ұсынылған әдебиеттер: 1,8,12,15.

4 тақырып. Қазақстан территориясындағы идеологиялық өмірдегі ерекшелігі. XIII-XV ғғ. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудың қалалық мәдениетіндегі архитектура мен өнер. Ұсынылған әдебиеттер: 1,8,10,12.

5 тақырып. XIY ғ. соңы мен XV ғ. басындағы Жетісуға Әмір Темірдің жорықтары. XV ғ. Қазақстан территориясына ойраттардың жорықтары. Ұсынылған әдебиеттер: 1,8,9,13,20

6 тақырып. Мауереннахрда Шайбани әулеті билігінің орнауы (1600-1698 жж.). XVI ғ. басындағы алғашқы қазақ билеушілерінің Шайбани әулетімен қарым-қатынасы. Ұсынылған әдебиеттер: 1,2,4,15

7 тақырып. Тәуке ханның мемлекетті басқаруда жүргізген реформалары, "Жеті жарғы". Ұсынылған әдебиеттер: 1,2,4,8.

5. Ұсынылатын Әдебиеттер

Негізгі

1. Қазақстан тарихы. Көне замандардан бүгінге дейін. Көп томдық, 2 том, Алматы, 1998.
2. Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы, 1995.
3. Вельяминов-Зернов В.В. Исследования о Касимовских царях и царевичах Спб., 1804. 1-2ч.
4. Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. Т.1. С древн. времен до 1870 г. М., 1941.
5. Иванов П.П. Очерки по истории Средней Азии. /XV-сер. XIXвв./М.1958.
6. Тынышпаев М. История казахского народа. А., 1993.
7. Чулошников АЛ. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общим историческими судьбами других тюркских племен. Ч.1. Древнее время и средние века. Оренбург, 1924.
8. Пищулина К.А. Юго-восточный Казахстан в середине XIV-нач. XVвв. /Вопросы политической и социально-экономической истории/.А.,1977.
9. Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. Вопросы этнической и социальной истории. М.,1982.
10. Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. А., 2001.

Қосымша

11. Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинения Абул-Гази, хана хивинского. М.-Л.Д958.
12. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т2.М., Л. 1941.
13. Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. А., 1998.
14. Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. А, 1996.
15. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. А., 1992.
16. Құрбанғали Халид. Таурих хамса /Бес тарих/. А., 1992.
17. Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII вв. /Извлечение из персидских и тюркских сочинений/. Сост.: С.К.Ибрагимов, Н.Н.Мингулов, К.А.Пищулина, В-П.Юдин. А. 1969.
18. Акимушкин О.Ф. Комментарии к книге: Шах-Махмуд ибн Мирза Фазил Чурас. Хроника.М.,1976.
- 19.Казахско-русские отношения в XVI-XVIIIвеках.А., 1961.
- 20.Мухамед Хайдар Дулати. Тарихи Рашиди. Ташкент, 1996., А.,2003.
- 21.Қадыр-Али Джалаири. Сборник летописей.Татарский текст, с рус. Изд, . И.Н. Березина. / Библиотека восточных историков, т.2, Казань, 1854.

- 22.Махмуд ибн Вали. Море тайн относительно доблестей благородных, вед., пер., прим., указ Б.А.Ахмедова.Ташкент,1977.
- 23.Кудайбердиев Ш. Қазақ, қырғыз, түрік һәм хандар шежіресі. А., 1990.
- 24.Зайн ад-дин Басифи. Бадай ал-Бакай. Критич. Текст, введ., и указат. А.Н.Болдырева.Т. 1 -2.М., 1981.
- 25.Захир ад-дин Бабур. Бабур-наме. Записки Бабура. /Пер. М.Салье/. Ташкент, 1958.
- 26.Захир ад-дин Мухаммед Бабыр. Бабыр нама. А.,1993. Әбілғазы. Түрік шежіресі. А.,1991.
- 27.Шах Махмуд ибн Мирза Фазил Чурас. Хроника. Критич. Текст, пер., комментарии, исслед., О.Ф.Акимушкина.М.,1976.

Нысан

Мамандықтың оқу жұмыс

Ф СҰ ПМУ 7.18.3/32

жоспарынан көшірме



**5В011400 Тарих мамандығының жұмыс оқу жоспарынан көшірме
Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы пән бойынша**

Семестр	Кредиттер саны	Аудиториялық сабақ түрлері бойынша қарым-қатынас сағаттарының саны						Студенттің өздік жұмысының сағат саны		Бақылау нысаны
		барлығы	Дәріс	практика	Зертханалық	студиялық	жеке	барлығы	СРСП	
3	3	60	30	30	-	-	-	120	60	Емт.
Барлығы	4	60	30	30	-	-	-	120	60	

Кафедра меңгерушісі _____ Мамытова С.Н. 2012 ж. «___» _____